

Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 93 қаулысы.
Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 мамырда № 3169 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-1-тармағының 6-2)-тармақшасына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 143-ө өкіміне сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

Б . О с п а н о в
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
Е . А й т а х а н о в
С . Қ а н ы б е к о в
Е . С а д ы р

Р.Исаева
Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің «08» сәуірдегі 2015
жылғы № 93 қаулысына қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Оңтүстік Қазақстан облысының автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Осы Тәртіпте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі;

2) жол органы – жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган.

2. Сыныптау тәртібі және шарттары

3. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін жіктеу жолдың көрсетілген түрлеріне талаптарды ескере отырып, ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік уәкілетті органға жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуді келісуге материалдар жіберуге міндетті.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдағанын растайтын құжаттарды

, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы т и і с .

Мемлекеттік уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды . Автомобиль жолын кейіннен жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқару органына жазбаша к е л і с і м ж і б е р і л е д і .

Автомобиль жолын жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда мемлекеттік уәкілетті орган барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтарады.

3. Автомобиль жолдарының атаулары және индекстері

5. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары және индекстері болуы тиіс .

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының атауына елді мекендердің бастапқы және соңғы, қажет болғанда аралық мекендердің атаулары кіреді.

Автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан т ұ р а д ы .

Автомобиль жолдарының индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін дефис а р қ ы л ы б е р і л е д і .

6. Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексі латын әліпби әріптерінен және сандар топтарынан тұрады.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы индексінің бірінші әрпі «К» - мен белгіленеді.

Жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының индексіндегі келесі әріптері жолдың әкімшілік-аумақтық бірліктеріне тиесілігі бойынша, кестеге сәйкес белгіленеді: бұл жағдайда Оңтүстік Қазақстан облысы «Х» әрпімен белгіленеді.

«КХ» әрпінен кейін индекстің келесі әрпін меншіктеу кестесі

р/с N	Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарының атаулары		Индекс тегі әріптің атауы
	1	2	3

3 . Қ а з ы ғ ұ р т	K Z
4 . К е н т а у	K T
5 . М а қ т а р а л	M R
6 . О р д а б а с ы	O R
7 . О т ы р а р	O T
8 . С а й р а м	S R
9 . С а р ы а ғ а ш	S G
1 0 . С о з а қ	S Z
1 1 . Т ө л е б и	T L
1 2 . Т ү л к і б а с	T K
1 3 . Т ү р к і с т а н	T R
1 4 . Ш а р д а р а	S H

Автомобиль жолы екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктер арқылы өткен жағдайда жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерге тиесілігі бойынша индекстің бірінші әрпінен кейін әріптер әліпбилік тәртіппен меншіктеледі.